

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АСТРАХАН
АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІ
«АСТРАХАН АУЫЛЫНЫҢ
№1 ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №1
СЕЛА АСТРАХАНКА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
АСТРАХАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 ж. 02.05 № 29

№ _____ от _____ 2025 г.

**« 2024-2025 оқу жылының басталуы және
аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы» 2024 жылғы 17 шілдедегі
№62 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 бұйрығы, «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 28 сәуірдегі №191 бұйрығы, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 30 сәуірдегі №139 бұйрығы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі директорының 2024 жылғы 17 шілдедегі №62 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3 тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері белгіленсін: 9 (10) - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында.

11 (12) сынып – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері белгіленсін:

9 (10) -сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) - 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12) - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) - 2025 жылғы 12 маусым;


5) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2025 жылғы 16 маусым;

4. Аралық аттестаттауды (5-8, 10 -сыныптарда мемлекеттік тілден) өткізу мерзімі №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Емтихан материалдарының рәсімделуіне деген жауапкершілік Г.Кошекбаеваға жүктелсін.

2 Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г.Кошекбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Г.Шонгалова

«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Астрахан ауылының №1 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ-нің
2025 жылдың 02 мамырдағы
№29 бұйрығына 1-қосымша

**5-8 және 10 сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті»
пәндерінен аралық емтихан кестесі**

№	Сынып	Өткізу мерзімі/уақыты
1	5 сынып	26 мамыр/9.00
2	6 сынып	26 мамыр/12.00
3	7 сынып	27 мамыр/9.00
4	8 сынып	27 мамыр/12.00
5	10 сынып	28 мамыр/9.00